

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған
«КОНСТИТУЦИЯ: ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІЛІГІНІҢ, АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МЕН
ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
29 тамыз 2018 жыл, Астана қ.

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической конференции
«КОНСТИТУЦИЯ: ВОПЛОЩЕНИЕ ЦЕННОСТЕЙ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА,
ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА И СОВРЕМЕННОГО ГОСУДАРСТВА»
посвященная Дню Конституции Республики Казахстан
29 августа 2018 года, г. Астана

MATERIALS
International scientific-practical conference
«THE CONSTITUTION: THE EMBODIMENT OF THE VALUES OF THE RULE
OF LAW, CIVIL SOCIETY, AND THE MODERN STATE»
Devoted to Constitution Day of the Republic of Kazakhstan
August 29, 2018, Astana

**ӘОЖ 342(063)
КБЖ 67. 4000.1
К18**

Редакциялық алқа:

**Амандықова С.К., Өмірзақов П.К., Хайрмуханмедов Н.И., Тлепина Ш.В.,
Мукашева А.А., Сембекова Б.Р., Жуманова М.Х.**

Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған «Конституция және қоғам мен мемлекеттің жаңғыруы» атты халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдарының жинағы (29 тамыз 2018 жыл). Жалпы редакциясын басқарғандар: И.И. Рогов, А.О. Шәкіров, Е.Б.Сыздықов. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2018. – 394 б.

ISBN 978-9965-31-953-2

Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған «Конституция және қоғам мен мемлекеттің жаңғыруы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы қоғамды және мемлекетті жаңғыртудың теориялық және құқықтық аспектілері, азаматтық және қылмыстық-процессуалдық заңнаманы реформалау, сондай-ақ халықаралық стандарттарды енгізу, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасындағы құқықтар туралы ғылыми мақалаларды қамтиды. Жинақ заңгер-мамандарға және кең қауымға арналған. Барлық материалдар авторлардың баяндауында жарияланды.

В Сборник материалов международной научно-практической конференции «Конституция и модернизация общества и государства», посвященной Дню Конституции Республики Казахстан, включены научные статьи по вопросам теоретико-правовых аспектов модернизации общества и государства, реформирования гражданского и уголовно-процессуального законодательства, а также имплементации норм международного права в действующее право РК. Сборник рассчитан на специалистов-юристов и широкий круг общественности. Все материалы опубликованы в изложении авторов.

The collected materials of international scientific-practical conference: «Constitution-the basis of dynamic and stable development of the society and the state», devoted to the Day of Constitution of Republic Kazakhstan the greetings and reports of leadership of state bodies of Kazakhstan, bodies of the constitutional control, ombudsmen, judges of the constitutional courts and correspondent bodies of the number of foreign countries, eminent home and foreign scientists –lawyers are included. The collected materials are designed for experts –lawyers and broad sections of the public. All the materials are published in the exposition of the authors.

**ISBN 978-9965-31-953-2
ӘОЖ 342(063)
КБЖ 67.400.1**

©ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2018

СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Marco Gregg	A Euro model for the tobin tax: the (tossible) impac to the new tax on the European Financial Market (and on the non eu investors)	9
Онгарбаев Е.А.	Об изменениях и дополнениях в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам религиозной деятельности и религиозных объединений	13
Тхабисимова Л.А.	О некоторых аспектах понимания конституционной ответственности в решениях конституционного суда Российской Федерации	17
Кванина В.В.	Конституционно-правовые основы отраслевых принципов предпринимательского права России и Казахстана	20
Букалерова Л.А. Остроушко А.В.	К вопросу о коррупции в системе образования в России	23

СЕКЦИЯ 1

ВОПЛОЩЕНИЕ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА И РАЗВИТИЕ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА В ЦЕННОСТЯХ СОВРЕМЕННОГО ГОСУДАРСТВА

Амандыкова С.К. Есентемирова А.М. Аничкин Е.С.	Некоторые проблемы и перспективы высшего образования в Казахстане	27
Абдрасулов Е.Б.	Конституционное право Российской Федерации и стран Центральной Азии: факторы общности	36
Нурпеисов Е.К.	Судебная власть и ее роль в обеспечении конституционной законности.	40
Капсалямова С.С. Абуов А.А.	Конституция и развитие гражданского общества в Казахстане	43
Амандыкова С.К. Калмаганбетова Д.Б.	Некоторые вопросы повышения правовой культуры государственных служащих Республики Казахстан	47
Кусаинова Л.И. Айтбай Ж. А.	Правовые основы положения политических партий в Республике Казахстан	51
Громова Е.А.	Правовое регулирование защиты прав потребителей финансовых услуг в Казахстан	54
Ибрагимов.Ж.И.	Государственно-частное партнерство в условиях цифровой реальности: сравнительно-правовой анализ законодательства России и Казахстана	60
Кусаинова Л.И. Смагулова А.С.	Конституция құқық үстемдігінің кепілі	63
Сарсенова С.Н.	Вопросы возрождения обычных правовых норм в современной системе гражданского права	68
Гезердава С.И.	Актуальные вопросы институциональных реформ области высшего образования Казахстана	72
	Конституционное измерение характеристик гражданского общества (сравнительно-правовой анализ)	76

Иванова Ж.Б.	Конституционно-правовая охрана объектов культурного наследия как воплощение традиционных духовно-нравственных ценностей народа	82
Спиридонова А.В.	Конституционный принцип свободы предпринимательской деятельности и его ограничение антимонопольным законодательством	84
Калмаганбетова Д.Б.	Правовое регулирование участия политических партий в выборном процессе Республики Казахстан	87
Хайрмуханмедов Н.И.	Егемендік ұғымының теориялық-құқықтық негіздері	90
Смағұлова А.С. Кусайнова Л.И. Смағұлов А.А. Османова Д.Б. Абдикаликов К.Б. Әлмұхамбетов Ж.Н.	Дәстүрлі құқықтағы ар-намысты қорғаудың өзіне тән ерекшеліктері	94
Жамбаев Е.С. Сапарбекова Б. Е.	Оценка современной системы высшего образования Республики Казахстан	98
Ибрагимов Ж.И. Бұлақбаев М.Б. Сәулен Нұржан	Казакстан Республикасындағы кәсіптік одақтар қызметінің конституциялық-құқықтық жағдайы	102
Жамбаев Е.С. Сапарбекова Б. Е.	Қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық – конституциялық құндылықтың мазмұны және оны қамтамасыз ету құралдары.	105
Ибрагимов Ж.И. Бұлақбаев М.Б. Сәулен Нұржан	Есеп беруші мемлекетті қалыптастырудағы мемлекеттік қызметшілердің құқықтық санасының ролі ролі	108
Хайрмуханмедов Н.И.	Қазақстан Республикасында жоғарғы білім беру барысындағы өзекті мәселелер	114
Алимпиева Т.Г.	Еуропалық жоғары оқу орнынан кейінгі білім және ғылыми зерттеулер кеңістігінің ерекшелігі	116
Капсалямова С.С. Зейдин К.Б.	Конституционные основы общественного согласия и политической стабильности Республики Казахстан	123
Женисов С.К. Мысыр Олжас Сеилханов Ж.Д.	Омбудсмен институтының конституциялық-құқықтық негіздері	125
Мырзатаев Н.Д.	Ата заңымыз тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау, сақтау және пайдаланудағы негізгі қайнар көзі ретінде	129
Weisbekova G.K.	Экономикалық контрабанда: қоғамдық қауіптілігі және жауаптылық мәселелері	131
Нурутдинова А.Ж.	Цифрлы технологияларды енгізу процесіндегі жоғары білім беру жүйесін жетілдірудің кейбір мәселелері	134
Kussainov A.A.	The concretization of legal norms in court holding (theory and practice)	136
Наурызбаев Е.А. Глеубердина У.Т. Женисов С.К. Мысыр Олжас Смағұлова А.С. Кусайнова Л.И. Роза Өміртай	Проблемы совершенствования правовой охраны окружающей среды на военных и оборонных объектах Республики Казахстан	138
	Bologna process as a basis of transformation of higher education institutions in non-commercial joint stock companies (experience of the baltic states)	141
	Мемлекеттік басқару жүйесіндегі конституцияның маңыздылығы	144
	Конституциялық реформалар аясындағы мемлекеттік билік тармақтарының өкілеттіктері	148
	Договор личного найма в обычном праве	150
	Конституция – елдігіміздің айнасы	153

Бердыбаев Е.М.	Қоғамдағы құқықтық сананың қалыптасу бағыттары.	155
Махов А.Р	К вопросу о совершенствовании конституционной ответственности глав субъектов зарубежных федераций	157
Саулен Нуржан	Местные исполнительные органы власти Казахстана: организация, деятельность и полномочия	164
Бабаян Р.А.	Информационная безопасность как неотъемлемая часть системы национальной безопасности Российской Федерации на современном этапе	168
Мырзатаева Р.Д.	Бастауыш сынып оқушыларының тілдік сауаттылығы: әдістемедегі инновациялар	171
Ораз Рсай	Қазақстандағы әйел құқықтарының құқықтық теориялық аспектілері	174
Рябова Т. В	Правовые позиции органа судебного конституционного контроля Республики Армения	177
Нугыманов Е.	Конституция қоғамдық тұрақтылықты сақтау мен нығайтуының кепілі	179
Сапарбекова Б.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресудің әлімдік тәжірибесі	181
Мырзатаев Н.Д.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың шетелдік тәжірибесі	187
Гастаев Н.Б.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың шетелдік тәжірибесі	187
Цой К.Р.	Анализ законодательства в сфере образования для детей с особыми образовательными потребностями	189
Макоев Т.В.	Конституционные основы многопартийности в современной России	194
Садуақасов А.А	Мемлекеттік билік бөлінісінің принциптері және қр-ның конституциясына бектілуі	197
Зейнелгаби Адиль Омарова Э.Б.	Правовое регулирование вопросов социального обеспечения в Республике Казахстан	199

СЕКЦИЯ 2 КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ГРАЖДАНСКИХ ПРАВООТНОШЕНИЙ В УСЛОВИЯХ ЧЕТВЕРТОЙ ПРОМЫШЛЕННОЙ РЕВОЛЮЦИИ

Өмірзақов П.Қ	Корпоративтік құқықтың дамуының конституциялық негіздері	203
Абдирайымова А. докторант	К вопросу о государственном регулировании продовольственной безопасности в Республике Казахстан	205
Бексултанова Р.Т., Калтаева А.Т.	Доступ к правосудию как принцип правового государства	209
Жаркенова С.Б.	Некоторые актуальные вопросы совершенствования трудового законодательства Республики Казахстан	212
Жусипова Б.А., Омарова Э.Б.	Еуразиялық Экономикалық Одақ мүше елдердің жер қатынастары субъектілерінің құқықтық жағдайы	218
Нурғалиева Е.Н.	Правовая защита социально-уязвимых слоев населения	221
Нурмагамбетов А.М.	Некоторые вопросы становления конституционализма в Республике Казахстан	225
Нурмагамбетов А.М.	О некоторых новеллах современного трудового законодательства Республики Казахстан	228
Нурмагамбетов А.М.	О предмете международного трудового права	231
Нурмагамбетов А.А.	Добросовестность, разумность и справедливость	235

докторант Омарова Э.Б., Бердиярова Ж.С. Омарова Э.Б., Жусипова Б.А. Палымбетов Н.Ш.	как оценочные понятия гражданского права Охрана труда по действующему трудовому законодательству Конституционно правовые основы Жұмыспен қамтудың типтік емес нысандарының заңды мәні	239 242 246
докторант Хасенов М.Х.	Влияние новых технологий на развитие гражданского права: вызовы XXI века	248
Марат Н.М.	Қазақстан Республикасында концессиялық қатынастардың құқықтық реттелуі	252
Карибаева А.К.	Основные направления определения гражданско-правовой ответственности за коррупционные правонарушения в Республике Казахстан	258
Кожаметова С.Г.	Особенности правового статуса различных видов субъектов предпринимательства	262
Сақтағанова И.С., Аябековам.Н.	Мүмкіндігі шектеулі адамдардың қол жетімді ортадағы құқықтары: тәжірибелері, мәселелер және оны шешу жолдары	266
Абдраимов Е. Палымбетова М.	Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттігі Жерге меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқығын шектеудің құқықтық мәселелері	275 277
Сактағанова А.	Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау саясаты	280
Тоғжанова Ж.	Ювеналды әділет – кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау кепілі	283
Жүмекен Н.	Қазақстан Республикасындағы инвестициялық саясатты жүзеге асыру және қр заңнамасына сәйкес реттеу	285
Сактағанова А.	Медициналық сақтандыруды дамытудың шетелдік тәжірибесі - азаматтардың мүдделерін қорғаудың нысаны	288
Абдраимов Е. Сактағанова А.	Сот билігінің конституциялық негіздері Қазақстандағы арбитраж (аралық) соттың қалыптасуы және дамуы	291 294
Сақтағанова И.С., Аябекова М.Н. Темиржанова А., Жолимова А., Болатбекова И. Қожахметова Д.С.	Мүгедектердің құқықтарын қорғаудың халықаралық- құқықтық негіздері Правовой механизм защиты прав человека (на примере построения финансовых пирамид)	298 305
Сақтағанова И.С., Жанжігітова Ж.А. Марленқызы А.	Совершенствование правовых механизмов ипотечного кредитования в Республике Казахстан Жаңа заманғы экономикалық қоғамдағы отбасылық бизнесті дамытудың кейбір мәселелері Атқарушылық іс жүргізу құқықтық институтының дамуы және келешегі	308 314 318
Айбасов А. Аманғалиева А.	Сақтандырудың даму тарихы Шет мемлекеттердегі баламалы немесе аналогиялық құқықтық институттар	325 331
Калтаева А.Т.	Конституция-қоғам мен мемлекет дамуының динамикалық және тұрақты негізі	338

СЕКЦИЯ 3
ВОПЛОЩЕНИЕ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА В УГОЛОВНОЙ ПОЛИТИКЕ

РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ахпанов А.Н., Келигова Х.Ю.	Ошибки в свидетельских показаниях	341
Ахпанов А.Н., Турсын А.М.	Вопросы обеспечения электронного перевода В современном уголовном процессе	345
Скаков А.Б.	Обеспечение прав испытуемых в условиях пробации	349
Сембекова Б.Р.	Антикриминальная безопасность личности в системе противодействия терроризму и экстремизму	355
Канаев А. С Амиргалиев А.А.	О некоторых вопросах контрразведывательной деятельности в Республике Казахстан	358
Дук Ю.И.	Соблюдение принципов верховенства права в борьбе с региональной преступностью.	362
Кабакова О.В.	Конституционные обязанности молодежи Российской Федерации как воплощение верховенства права в условиях построения гражданского общества	364
Баймолдина С. М.	Уголовная ответственность за преступления, совершаемые в информационных системах в Республике Казахстан	369
Муратханова М.Б., Мұқаметқазинов А.С.	Халықаралық деңгейде және шетелдерде	372
Ашимова Э. А.	Жасөспірімдерді өзін - өзі өлтіруге дейін жеткізуге итермелейтін себептер	376
Ашимова Э. А., Абулкаирова А. М. Даурембеков Е.К.	Пайдакүнемдік қылмыстарының алдын алу шаралары	382
	Правовые аспекты избрания меры пресечения в виде содержания под стражей в отношении женщин подозреваемых и обвиняемых в акте терроризма	385
Балгынтаев А.О., Енсебаева А.Р. Досанов М.У.	Вопросы социального обеспечения судей	389
	О вопросах совершенствования Казахстанского уголовного законодательства по борьбе с мошенничеством	391
Салпеков А. С.	Правовые гарантии и проблемы обеспечения независимости судей в Республике Казахстан	394
Сеилханов Ж.Д.	Экономикалық контрабанда: қоғамдық қауіптілігі және жауаптылық мәселелері	398
Тулепенов Ж. К. Кубенова Ш.А.	Қылмыстық жауаптылықтан босатудың кейбір негіздері	400
	Уголовная ответственность за вовлечение совершеннолетних в совершение уголовных правонарушений в Республике Казахстан	404
Бегеев Т. Б.	Особенности проявления экстремизма и терроризма в обществе	407
Аширбекова К. Б. Дуисова А.М.	Систематизация судебного приговора	411
	Права и свободы человека в Казахстане, как система ценностей правового государства	413
Кулбаева М. М.	Понятие и эффективность уголовно-правового воздействия на врачебную ошибку	418

СЕКЦИЯ 4

МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ РЕАЛИЗАЦИИ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА И ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Сарсембаев М.А.	Казахстанские и международные суды в решении международно-правовых проблем (на примере проблем международного транспорта и транзита)	422
------------------------	--	-----

Тлепина Ш.В.	Периодизация истории международного права	425
Акпарова Р. Н.	Международные стандарты и законодательство Республики Казахстан о правовом значении актов органов уголовного преследования и судов иностранных государств	431
Алпысбаева Ю. А.	Актуальные проблемы обеспечения свободы передвижения товаров в рамках евразийского экономического союза	441
Алшинбаев И. Ф.	Международно-правовое регулирование биологической безопасности на космических объектах	443
Есенбаева Г. С.	Международно-правовые проблемы режима контроля за ракетными технологиями	446
Жаксыгельдинов Л. Д.	Определение правосубъектности транснациональных корпораций в теории международного права	449
Жунусбекова А. Ж.	Халықаралық құқықтағы халықаралық шарттардың маңыздылығы	452
Искакова Ж. Т.	Еаэс и вто: взаимодействие двух правопорядков	456
Кабакова О.В	Конституционные обязанности молодежи Российской Федерации как воплощение верховенства права в условиях построения гражданского общества	458
Қаражан Б. С.	Международно-правовое сотрудничество стран центральной азии в условиях региональной интеграции	463
Костяная Ю. С.	Конституционное право человека и гражданина на информацию в Республике Казахстан.	466
Сатова А. С	Энергетическое сотрудничество в рамках еаэс как инструмент глобализации.	468
Сарсембаев М.А.	Проблемы транзита В Казахстанском законодательстве и международном праве	470
Сейдеш Б. Б.	Конституция – мемлекеттің тұрақтылығы мен ұлттық құндылықтарды сақтау кепілі ретінде	475
Сулейманова И. И.	Халықаралық құқық принциптері мен нормаларына сәйкес қылмыстық заңнаманы дамыту жолдары	483
Панов С.К.	Универсальный периодический обзор как уникальный механизм универсальной правозащитной системы	485
Хамидулина М. Б.	Вопросы международно-правовой защиты авторских и смежных прав	487
Шналина А. А.	Техническое регулирование как механизм защиты потребителей. Безопасность игрушек.	491
Sartayev A.K.	“Kazakhstan in the age of independence (some problems of international treaties realization)”	493

немесе басқа елден келген қонақ болсын мейлі, біз адамға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін әрқашан қызмет атқарамыз.

Сонымен, Қазақстан Республикасының Конституциясы – елдің басты саяси құқықтық құжаты. Заңға бағыну – тәртіп, ал тәртіп бар жерде тәрбие, тиянақтылық сияқты адамға тән қасиеттер бар. Сол қасиеттер қоғам дамуына негіз болады. Өз Отанын танып, сүйі, оның заңдарына бағынуы – бұл әр адамның азаматтық жауапкершілігін сезінуі, өз елінің алдындағы азаматтық борышын орындауы.

Мемлекетіміз бен қоғам тұрақтылығының, болашаққа деген сенім мен халқымыздың ауқатты тұрмысының, лайықты өмірінің кепілі - Ата Заңымыздың мерейі әрдайым үстем болсын!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген).
2. Қазақстан Республикасы Конституциясына түсініктеме. Ғ.Сапарғалиев. Алматы, Жеті жарғы, 1999 ж.
3. Мемлекет және құқық негіздері. Е. Баянов. Алматы, Жеті жарғы 2001 ж.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСУДІҢ ӘЛІМДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Сапарбекова Б. Заң факультеті, Құқықтану – 21Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Ғылыми жетекші. Мырзатаев Н.Д. з.ғ.м., аға оқытушыЛ.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Қазіргі кезде кез келген елдің өзекті мәселесіне айналып отырған сыбайлас жемқорлық, Қазақстанға да, тамырын тереңге жая орныққан. Ол өз ауқымдылығымен ерекшеленіп, бүгінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму үрдісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту барысын тежеуде. Бұл кесел заман ағысымен дамып, мол қаражат пен әлеуметтік бәсекелестік пайда болған жерлерге өзінің орасан зор зиянын тигізуде. Мәселен, бүгінде елімізде жемқорлықтың өсіп өркендеп кеткендігі соншалық жасыруға да себеп қалмады. Құдды бір біздің өмір сүру салтымызға айналып кеткен дерміз. Себебі, ұсақ түйек бір ісімізді тындыру үшін біреудің қалтасын толтырмасаң, ол іс айлап, жылдап жүрмей, я болмаса тіпті ұмытып та кетеді. Ал ірі қараны бүтіндей жұтып жатқандардың саны қанша. Олардың бірі білінсе бірі білінбей жатыр. Ал кейбіреулеріне жазадан жалтаруына жол беріп, шет ел асып кетуде. Күнде болмасын бірақ күнара БАҚ-тан «пәленше осынша ақша жымқырды, түгенше үлкен көлемде парамен ұсталды» деген жаңалық естіп, енді оған етіміз үйреніп бара жатқандай: қолымызды бір сілтейміз де, тіршілік қамын ойлап жүре береміз. Осындай болып жатқан келеңсіз жайттармен қоғам қалай күресуде? Парақорлықтың шегі бар ма? Жемқорлық белең алған қандай салалар? Аталған дертпен ғаламның қай елдері үздік нәтиже көрсетуде? Қоғамды сыбайлас жемқорлыққа түпкілікті қарсы қою мүмкін бе? Мемлекеттің, жалпы әлемнің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары мен жазалау заңнамалары қаншалықты жүзеге асуда? Басқа да көкейтесті сұрақтар бізді және осы қоғамдағы жастарды алаңдатуда.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «concupire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап

беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің мәліметі бойынша жылына 3000-ға жуық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыс тіркеледі екен. Мәселен, 2016 жыл бойынша 2807 сыбайлас жемқорлық қылмыстары тіркелген, олардың үштен бірі парақорлық фактілері (1031 немесе 31%), 22% ұрлау (605), 20% қызметтік лауазымды асыра пайдалану (558), 17% қызметтік жалғандық (481). Барлығы 2016 жыл бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен 1129 лауазымды тұлғалар қылмыстық жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 18 республикалық, 59 облыстық, 134 қалалық мағынадағы және аудандық деңгейдегі басшылар [1].

Қарап тұрсақ жемқорлықпен бетпе бет келмеген бірде-бір сала қалмаған. Мәселен, жол құрылысы, жер қатынастары, үй құрылысы, дене шынықтыру және спорт, ауыл шауашылығы салаларында сыбайлас жемқорлық белең алып кеткен. Мысалы, жол құрылысы саласындағы жемқорлыққа тоқтайтын болсақ, соңғы жеті жылда автокөлік жолдарын салуға республикалық бюджеттен 1трлн. теңгеден астам қаражат бөлінген. Ал халықаралық рейтингтерге сәйкес жолдар сапасының көрсеткіші бойынша Қазақстан 138 елдің ішінде 108 орында тұр. Істің осындай жағдайына жолдарды салу кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоғары болуы себепші [1]. Құрылыс саласында көп кездесетін жағдайды әсіресе ауа райы құбылмалы болғанда анық байқалады. Аздаған жел соқса, соңғы 4-5 жылда салынған үй шатырларының ұшып бара жатқанын байқаймыз я, әлеуметтік желінің хит бейнежазбаларының бірінен тамашайлаймыз. Жоспар бойынша қолданылуға тиісті материалдардың орнына арзан, бірреттікке ғана жарайтын көбіне қытайлық материалдарға салынып, құрылыс сапасыз болып шығады. Салдарынан ол үй құрылыс бітпей жатып құлайды немесе БАҚ өкілдері ертесіне әлгі үйдің құлап қалғанын я, өмір сүруге мүлдем жарамайтынын айтып, дабыл қағады. Денсаулық сақтау мен білім беру салаларын қарастырсақ онда да мәселе өршіп тұр. Денсаулық сақтау саласын қаржыландыру соңғы 10 жылда 5 еседен астам өскен. 2005 жылы 195 млрд теңге бөлінсе, бұл сома 2016 жылы 1 трлн-ға артқан. Дегенмен, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының халықаралық рейтингінде Қазақстан 145 елдің арасында 111- орында. 2016 жылы 80 лауазымды тұлғаға қатысты 200-ден аса сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркелген, 22-сі сотталған. Сонымен қатар, бұл салаға мемлекеттік қаржыландыру жыл сайын артып келеді, атап айтқанда Алматы облысына 2013 жылы 54 млрд теңге бөлінсе, 2016 жылы 69 млрд теңгеге өскен. Алайда, бұл сала мамандарының еңбекақысының төмендігі сыбайлас жемқорлықтың өршіп тұрғанының көрінісі [2]. Білім беру саласында да дәл осындай жағдай. Бұл салада сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жалпы санының 50%-дан астамы мектепке дейінгі ұйымдарға тиесілі. Мысалға, Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданында «Балапан» және «2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік білім беруді дамыту» мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру кезінде 100 млн тг-ден астам бюджет қаражатын ұрлау фактілері анықталды. Негізінен бұл салаларды көбіне жемқорлыққа бейімділік мемлекеттік сатып алу саласында және ақша қаражатын бөлу, кадр мәселелері, жалақыны есептеу «жоқ жандарға» жалақы есептеу кезінде, жалған аттестаттар, сертификаттар және дипломдар беру кезінде қабылданған шешімдер болып табылады [1]. Жалған сертификаттарды сатып алу бойынша «Астана» медициналық университетінде болған үлкен дауды айтуға болады. Білім саласындағы жемқорлық қазіргі жастардың да санасына ықпалды әсер етуде. Жоғары оқу орындарында сессия сайын ақша жинап беріп баға алатын студенттердің қарасы көбеюде. Оларға грантқа өткізіп беруге уәде беріп, пара сұрайтындар да бар. Кейбір оқу орындарында тіпті үлгерім бағалары да сатылады екен: мәселен емтиханды немесе өздік жұмысын қалай жазғанына емес, қанша пара бергеніне қарай бағанды қойып береді. Сол үшін кейбір студенттер оқудан бөлек, қосымша жұмыс істеп, ақша табуға мәжбүр. Сонымен қатар, ЖОО-ны өз білімімен үздікке бітіріп, жұмысқа

орналаса алмай жүргендер мен таныс-тамырлары, «көке-жәкелерінің» арқасында пара беріп небір жұмыс орындарына жайғасқандардың саны қанша? Мұндай жағдайларда жастардың ойлайтыны осы болса керек: «бастысы жақсы білім емес, көкең не қалтасы қалың ата-ана болса болды. Бай болу керек!». Осы орайда ұлы Ислам дінтанушысы, фақиһ Әбу Ханифа өзінің шәкірті Әбу Юсуфке айтқан өсиеті еске түседі: «Ең алдымен білім ізденуге тырыс. Кейін дүниелік несібеңді алу үшін жұмыс жаса. Содан кейін ғана өмірлік жар табуға әрекет жаса. Ал, егер бірінші дүниелік несібеңді, байлықты көздесең, білім алуға уақыт таппай қаласың және білімсіз тапқан байлық сені сараңдыққа жетелеп, көзіңді шел басады». Енді ойлап қарасақ, қоғам санасының теріс жолға бағытталып бара жатқанына кімді кінәлаймыз? Оған кім жауапты? «Жастар – келешегіміз, Тәуелсіз Қазақ елінің болашағын құрушылар» десек, онда біз сыбайлас жемқорлыққа көз жұма қарамай, жұмыла күресуге тиіспіз.

Жемқорлыққа төтеп беру үшін ең алдымен үкіметке бағынышты емес қоғамдық ұйымдардан мемлекеттік комиссия құру керек. Қазір елімізде «Нұр Отан», «Коммунистік», «Ақ жол», «Семей Невада», «Азат», «Желтоқсан», «Әділет», «Атамеке», «Жерұйық», «Патриоттар», т.б. партиялар мен қоғамдық ұйымдар бар. Олар өз ішінен ең әділ, ең шыншыл жауапкершілігі мол деген адамын комиссия қатарына қосу керек. Ал ол мүшелер кейін өздері де жемқорлықпен байланысы бар болса, олар өз ұйымына сөз келетінін, артында оның ар-намысы тұрғанын сезінуі қажет. Мейлінше, олардың жемқорлықпен айналысуы оларға ешқандай пайда әкелмейтіндей жағдай жасау керек. Содан кейін олардың басты міндеті – мемлекет бюджетінен бөлінген қандай да бір бағдарламаларға дербес тексеріс жүргізу құқығын беру және оның нәтижесін бірден БАҚ-да жариялау. Әйтпесе, еліміздің алға қойып отырған мақсаттарына бюджеттен үлкен көлемде қаржы бөлінеді. Бірақ, олардың басы бар да, аяғы жоқ, үнемі әйтеуір ақша жетіспеушілігі пайда болады. Немесе жұмыстары сапасыз, көңіл көншімейді, кейде тіпті аяқталмай қалады. Ал қаржының неге жұмсалғаны, кімнің қалтасына түсіп кеткені тексерусіз қалады. Осыған қарағанда қазір сыбайлас жемқорлықпен күреседі деген ұйымның бұл іске тоқтау салмай, өз ішінде де бұл дерттің жайылып кеткенін аңғаруымызға болады. Бұл біріншіден.

Екіншіден, мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысын көтеру керек деп ойлаймыз. Олардың айлық табысы депутаттар мен әкімдердің жалақысынан 10 есе кем. Ал негізі дәл сол маман иелері қоғамда ең маңызды орында тұруы тиіс, өйткені оқытушы да емдеуші де, жастардың білімді де, дені сау болуына жауапты сол кісілер. Демек, олардың жалақысы толыққанды өмір сүруіне жетерліктей болуы тиіс. Жемқорлықпен айналысуда алдыңғы орынға осы білім беру мен денсаулық сақтау салалары жарысып келеді. Әрине, барлығы жалақының аздығынан деп кесіп айтуға келмес, бірақ ЖОО-дағы парақорлықтың өршіп тұрғанының бір себебі осы болса керек. Екінші бір себеп, ол басшылықтың бейқамдығы немесе тиісті түрде онымен күресуге қабілетінің жоқтығында. Әр ЖОО, мектеп қабырғасы, балабақша, аурухана болсын кез келген қоғам қажеттілігіне қарай құрылған ұйымның басшысы өзі басшылық жасап отырған жерінде жемқорлықтың болмауын қаласа, ол жерлерге тиісті қатаң әкімшілік заңнамаларын құрып, қадағалау мен жазалау шараларын қолданар еді. Сондықтан да, мәселен ЖОО басшылығын және оның қарамағында болатын лауазым иелерін Президент немесе Үкімет емес сол оқу орнының студенттері мен мұғалімдері өздері ашық түрде сайласа және әр 4 жылда бір рет сол басшылықтың ауыстып отыруы лазым. Сонымен қатар, дербес қоғамдық бақылауды күшейту керек. БАҚ арқылы университеттерде болатын парақорлықты халыққа үздіксіз жария етіп отыру қажет.

Үшіншіден, қоғам санасын жемқорлыққа, парақорлыққа қарсы қоюға ұдайы күрес жұмыстарын жүргізу керек. Мысалы, баланы мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінен бастап, жемқорлықтың қоғамға аса қауіпті індет, әрі жазаның ауыр болатынын үздіксіз тәрбие сағаттары арқылы, онымен қоса шарият бойынша парақорлықтың ауыр күнә екенін тереңінен түсіндіріп, діни сауатын да жетілдіру аса қажет. *Жалпы, Ислам шариятында кез-келген мәселенің үкімі - Құран аяттары мен хадиснама деректеріне жүгіне отырып шығарылады. Бұл жөнінде Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде (Мәида сүресі, 42-аят): «Олар өтірікке құлақ салушы, арам жеушілер. (Мұхаммед F.C.) егер олар саған келсе,*

араларына үкім бер, немесе олардан жүзіңді бұр. Егер олардан жүз бұрсаң, олар саған ешбір зиянын тигізе алмайды. Ал егер араларына үкім берсең, тура үкім бер. Шәкіз Алла турашылдарды сүйеді», - деген. Аяттағы «арам жеушілер» дегені - өзгенің мал-мүлкін иемденіп, ақысын жегендер. Енді бір аят жолында Алла Тағала (Бақара сүресі, 188-аят): «Араларыңдағы малдарыңды арам жолмен жемендер. Сондай-ақ біле тұра адамдардың малынан бір бөлігін жеу үшін билерге апармаңдар», - делінген. Мұндағы аят жолында мағынасы ашық келген. («Балаларыңның халал мен харам, дүние мен Ақырет туралы көздерін ашпай, қанша жерден білім берсеңдер де, бәрі бос, зая кетті дей беріңдер» Р.Т. Эрдоган) [3].

Төртіншіден, заң мен жазалау шараларының, сот үкімінің қаншалықты орындалып жатқанына да мән беру керек. Осы күнге дейін «ақ жағалылардың» көпшілігі жемқорлық пен пара беруден ұсталып, жайлы орындарынан айырылып қалды. Жазалары – темір тордың ар жағында 10-15 жылдай өмірін өткізу. Сот осындай шешім қабылдағанымен, олар ол жерде ары кетсе 5-7 жылдай уақытын өткізер. Сөйтіп, тағы да пара беріп, ол жерден сытылып шығып кеткендер де бар. Көріп тұрғанымыздай, сыбайластықтың шегі қалмаған. Сондықтан да, заңның толыққанды жұмыс атқаруын қамтамасыз ету үшін сот жүйесін де бақылауға алу керек, я болмаса министрліктерден бастап бүкіл мемлекеттік қызметтегілерге толығымен Италиядағыдай «таза қол» операциясын немесе Грузияның «раушан гул» тәжірибесін еліміздің мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызмет өткізу керек. Ең алдымен, елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге жүргізіп отырған еліміздің ішкі саясатын дұрыс жолда тазартып алсақ, кейінгілердің мәселесі де өз шешімін табар.

Бесіншіден, қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықпен белсенді түрде күресіп жатқан елдердің жүйесін қарастырып, тәжірибелерін елімізге ендіру керек. Қазақстан Республикасы үшін сыбайлас жемқорлықпен күресте «үздік тәжірибелерді» қолдану үшін жемқорлықпен күрестің әлемдік тәжірибесін зерттеу және талдаудың маңызы зор көкейтесті мәселе болып қала бермек.

Қазіргі қоғамда елдердегі жемқорлық деңгейін анықтау үшін көптеген зерттеулер, мониторингтер жүргізіледі. Солардың ішіндегі маңыздылары жемқорлықты қабылдау индексі, пара төлеушілер индексі, қылмыс құрбандарына халықаралық шолу, мемлекеттік айқындықты (тазалықты) бағалау индексі, жаһандандыру индексі т.б. Көптеген зерттеулер ішінде әлемдегі сыбайлас жемқорлық туралы жалпы ең толық әрі дұрыс мағлұмат беретін және жемқорлық факторларын анықтайтын *Трансперенси Интернэшнл халықаралық зерттеу ұйымы* болып табылады. Трансперенси Интернэшнл (Transparency International) сөзінің аудармасы Халықаралық айқындык деген мағынаны білдіреді, (Прозрачность) – бұл халықаралық деңгейде және жеке елдердегі сыбайлас жемқорлықпен күресті зерттейтін тәуелсіз коммерциялық емес ұйым. Олардың мақсаттарының бірі – билік органдарының айқындығына, есеп берушіліктеріне қол жеткізу. Transparency International бөлімдері көптеген елдерде құрылған, олардың барлығын ең алдымен қаржы саласындағы айқындықты қалыптастыруға бағытталған жемқорлыққа қарсы идеология біріктіреді. Бұл - ұзақ уақыттан бері сыбайлас жемқорлықтың сан-алуан салалардағы көріністерін зерттеп, анықталған мәселелердің шешу жолдарын ұсынатын көпшілікке танымал ұйым. 1993 жылы Transparency International әлемдегі жемқорлық деңгейін жүргізетін статистикаға балама ретінде пайда болды десек те болады.

Аталмыш ұйымының 2008 жылы жариялаған мәліметтеріне сүйенсек, сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша Азия өңіріндегі ең төмен ел **Сингапур** болып табылады екен. Transparency International ұйымының есебі бойынша сыбайлас жемқорлықтың ең төменгі деңгейі 10 балл деп есептелінсе, 9,2 баллдық жүйемен Сингапур елі 4-ші орында тұр. Бұл рейтингте Қазақстан 2,2 баллмен 145-ші орынды иеленгенін айта кеткен жөн. Дамыған Сингапур елінің сыбайлас жемқорлықпен күресудегі жетістікті тәжірибесі біз үшін құнды, себебі біздің де менталитетіміз «азиаттық», сонымен қатар бұл «цифрлық экономикасы» бар мемлекет тәжірибесі болып табылады. Бүгінгі таңда Сингапур елі сыбайлас жемқорлыққа қатысты ең «таза» мемлекеттердің қатарында. Сингапур

билеушілері, шынымен де, жемқорлықпен күрестің қызмет етіп тұрған және нәтижесін беріп отырған тиімді тетігін жасай білді. Бұл елде жемқорлықпен күрес үздіксіз жүргізіліп отырады. Бұған 1952 жылы құрылған сыбайлас жемқорлық жағдайларын тергеу Бюросы арнайы органының үздіксіз жұмысы дәлел. Бюро мемлекеттік шенеуніктер арасында болған жемқорлыққа қатысты жағдайларды тексеріп, тиісті органдарға қажетті шараларды қолдану үшін хабарлап отырады. Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жақын мемлекеттік органдардың жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін басқару жүйесіндегі «әлсіз тұстарын» айқындау мақсатында зерттейді. Егер жемқорлық әрекеттерін тудыратын жағдайлар табылса, Бюро бұл органдардың басшыларына тиісті шараларды қолдануды ұсынады. Сингапур елінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басты идеясы «жеке тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қатысты әрекет жасауға мүмкіндіктерін, жағдайларын болдырмауға мейлінше тырысу» болып табылады. Бұл бірқатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымдардың негізінде жүзеге асырылады, мысалы:

Сингапур ақша саясатына қатаң бақылау қоя білді. Мысалы, сайлау кампанияларында шығындарға қатаң шектеулер қою, жеке министрліктер мен парламент мүшелері үшін емес, тек саяси партиялардың пайдасына ғана қайырымдылық көрсету, үкімет саясатына пара беру арқылы әсер етпек болғандардың әрекеттеріне жол бермеу.

Бұл мәселе төңірегінде қоғамдық пікірді қалыптастыруда, сыбайластық фактілерін әшкерелеуде БАҚ-ның атқарар мәні зор.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес - Сингапурдің экономикалық өсуінің басты факторларының бірі. Сингапурдің сыбайлас жемқорлықпен күрес тәжірибесі күшті саяси ерік-жігер мен жалпы қоғам тарапынан түсінушілік пен қолдау болса, жемқорлықтың тамырына балта шабуға болатынын көрсетеді[4].

ҚХР-да жиі-жиі талқыланатын жемқорлық жанжалдар мемлекеттік қызметкерлердің мұндай қылмыстық әрекеттеріне қарсы белсенді және нәтижелі күрес жүргізілуін көрсетеді. «Соғыс стратегиясы» атты сыбайлас жемқорлыққа қарсы Қытайда жүргізілген күрес тәжірибесі қызықты. Бұл күрес 1951 жылдың желтоқсанында, бүкіл Қытайда «үш қарсы» (сыбайлас жемқорлыққа қарсы, бюрократтыққа қарсы, ысырапшылыққа қарсы) бағдарламасымен бірге басталды. Бұл кезде мыңдаған адамдарға сыбайлас жемқорлық қатынастарына түскендері үшін өлім жазасына үкім шығарылды. Тек қана сыбайлас жемқорлық туралы істерді қарастыратын арнайы халық соттары құрылды. Үкімет әр адамнан оған сыбайлас жемқорлық туралы білетінін хабарлауды талап етті. Компания ресми түрде 1952 жылдың маусымында аяқталды. Ақция нәтижелері таң қаларлық. Тіркелген сыбайлас жемқорлық саны 1950 жылы 500000-нан орта есеппен 1951 жылдан 1965 жылға дейін 290000-ға дейін төмендеді [4].

АҚШ-та жоғары лауазымды тұлғалар жөніндегі қылмыстық істерді Вашингтондағы округтік федеральды соттың арнайы бөлімімен тағайындалатын тәуелсіз прокурор тергеу жүргізеді. Сонымен қатар, АҚШ конгресс комитеттері президентпен және жоғарғы лауазымды адамдармен жасалған құқық бұзушылық фактілерін тергеуге құқылы. Мемлекеттік өкіметтің федеральды органдарында сыбайлас жемқорлықты тергеуде негізгі рөлді Федеральды тергеу бюросы атқарады. Тағайындалған және сайланған лауазымды тұлғалардың жасаған әрекеттері федеральды заңдарды бұзушылық болып танылса, қылмыстың осы түрі бойынша ФТБ сот жүргізу құқығы тек федеральды ғана емес, сондай-ақ штаттық және жергілікті басқару деңгейлерінде таратылады[4].

Жоғарыда айтылып өткендей, АҚШ тек ұлттық сыбайлас жемқорлыққа байланысты емес, сондай-ақ халықаралық жемқорлық тәжірибесіне байланысты заң бастамаларын қабылдайды. АҚШ-та алғашқы рет шетел шенеуніктерін параға сатып алуға тыйым салатын «Шетел сыбайлас жемқорлық тәжірибесі туралы» Заң қабылданды (1977 ж.). Дәл осы актіні қабылдаудың арқасында және АҚШ-тың басқа елдерде осыған ұқсас заңды қабылдауды үнемі талап етуіне байланысты (әлемдік рыноктағы америкалық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі еместігі фактісін жою үшін), 1997 жылдың желтоқсанында қабылданып, ал 1999 жылдың ақпанында Халықаралық мәмілелерді іске асыру кезінде шетел мемлекеттік

шенеуніктерді параға сатып алуға қарсы күрес туралы ОЭСР Конвенциясы күшіне енді. Конвенция қол қойған елдерді шетел шенеуніктерін параға сатып алу үшін қылмыстық жауапкершілікті алдын ала қарастыратын ішкі заңдарды қабылдауды міндеттейді[4].

Біздің еліміз – Қазақстанның соттық-құқықтық қатынастары бойынша бай тарихи тәжірибесі бар. Көшпелі қоғам негізінде құрылған қазақ әділ соты өзінің бірегейлігіне қарай жалпыға қадірі артып, «Әділеттіліктің алтын ғасыры» деп аталды. Халық жадында алтын ғасыр би әділдігінің және Тәуке хан билігінің кезіндегі заңдылықтың өркендеу кезеңімен байланысты. Билер соты қазақ қоғамының өмірінде нығаю рөлін атқара отырып, мемлекеттің маңызды институтына айналып, оның тірегі болды. Осы кезде атақты «Жеті Жарғы» жарық көрді[4]. «Жеті Жарғының» негізгі бөлімдері:

1. «Жер дауы» - мұнда жайылым мен суат туралы дауларды шешу жолдары қарастырылған.

2. Отбасылық неке қию заңында некені қию, некені бұзу тәртібі, ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері, отбасы мүшелерінің мүліктік құқықтары белгіленген.

3. Әскери заң, әскери міндетін атқаруды, бөлімдерді құруды және әскери бастықты сайлауды реттейді.

4. Сот туралы ережеде сот ісінің тәртібі белгіленген.

5. Қылмыстық Заңда өлтіруден басқа әртүрлі қылмыстар үшін жазалау түрлері белгіленген.

6. Құн Заңында өлтіру және денеге ауыр зақым келтіргені үшін жазалау түрлері белгіленген.

7. «Жесір дауында» жесірлер мен жетімдердің жеке және мүліктік құқықтары, сондай-ақ қайтыс болған адамның туыстарының оларға қатысты міндеттері реттелген.

"Жеті Жарғыға" сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тікелей қылмысты адам тартылады, сонымен бірге қауымның ұжымдық жауапкершілігі қағидасы кеңінен тараған. Сонымен, егер жауапқа тартылушы сотқа келмесе немесе тиісті айыппұлды төлемесе, онда айыппұл бүкіл қауымға салынатын. Мұндай жағдайда қауым мүшелеріне жауапқа тартылушыға өз қалаулары бойынша жаза қолдану құқығы беріледі. Қазақтарда бас бостандығынанайыру сияқты жазалау шарасы да, абақты да болмаған. Зерттеушілер қазақтардың қылмыстық құқығының адамгершілігін атап өтеді.

Билер соты жоғары адамгершілік соты ретінде судьяның параға сатып алынбаушылығы, сот шешімдерінің адамгершілік бейімделуі және әділеттілік мәні ретінде, соттың ашықтығы және әйгілігі, сот шешімін дәлелдеуде және негіздеуде судьяның шешендігі, соттың екі жақты бірін-бірімен татуластыруға және құқық бұзушылықпен келтірілген зиянның орнын толық толтыруға бағытталуы сияқты қағидаларына негізделіп, құрылды. Билер сотының ең әйгілі ерекшеліктерінің бірі – оның руханилығында: қарастырылған даулардың рухани мазмұны әрдайым басым болды, билер ең алдымен қоғамда қалыптасқан адамгершілік нұсқауларды ұстануға тырысқан[4].

Қорта айтқанда, жемқорлықты бірден тамырымен қоса жұлып ала салатын эзірге ешқандай арнайы әдіс жоқ. Тек үздіксіз күрестер мен нәтижелі тәжірибелер ғана бар. Біз сол «жаңалықтардан» өз еліміздің менталитеті мен жеке тұлғаға деген құрметті ескере отырып, ең тиімдісін, ең жақсысын таңдап, жемқорлықсыз, таза елге айналуға үнемі талпынуымыз қажет. Ол үшін біз заңгерлер әділетті де білімді иманы мен адамгершілі мол заңның нормаларын құрметтейтін азамат ретінде еліміздің ертеңіне бүгіннен бастап атсалысуымыз қажет деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. 2ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің мақаласы. Астана 2017 жыл

2. //Егемен Қазақстан. 29.03.2017 ж.

3. Капалбаева Ж. 21.06.2015 ж. https://www.inform.kz/kz/islamda-zhemkorlyktyn-ukimi-kanday_a2799003

4. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің ресми интернет ресурсы. Өскемен қ., 2009

5. <http://www.akimvko.gov.kz/kz/right/otchet-po-analizu-luchshix-praktik-mezhdunarodnogo-opyita-v-sfere-borbyi-s-korrupciej.html>